

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел-іздігіру қызметі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 592 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат):

1) 16-баптағы "кеден ісін" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының жедел-іздігіру қызметі туралы заңдарына сәйкес жедел іздігіру қызметін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 23-баптың 9) тармақшасындағы "сатып алуға" деген сөздерден кейін нүктелі үтір қойылсын және "құқылы." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 10) тармақша мен толықтырылсын:

"10) Қазақстан Республикасының жедел-іздігіру қызметі туралы заңдарына сәйкес жедел-іздігіру қызметін жүзеге асыруға құқылы."

2. "Жедел-іздігіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат; N 15, 147-құжат; N 17, 155-құжат):

1) 6-баптың бірінші бөлігінің и) тармақшасындағы "органдары" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылсын және "жүзеге асырады;" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы к) тармақшасымен толықтырылсын:

"к) кеден органдары жүзеге асырады.";

2) 10-баптың 2-тармағының екінші абзацы "қаржы полициясы" деген сөздерден кейін ", кеден" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 12-баптың 2-тармағында:

екінші бөліктің а) тармақшасындағы "және қаржы полициясы" деген сөздер ", қаржы полициясы және кеден" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік "қаржы полициясы" деген сөздерден кейін ", кеден" деген сөзбен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК